



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 08 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ  
2005 жылғы 16 ақпан  
Халықаралық резервтер және  
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2005 жылғы 15 ақпанда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
<b>Таза халықаралық резервтер, млн.долл.</b>	<b>9 314,5</b>	<b>9 342,6</b>
Оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	8 534,3	8 534,3
Алтын	780,2	808,3
<b>Ақша базасы, млрд. теге</b>	<b>538,9</b>	<b>538,9</b>
KZT/USD (кезең аяғында)	<b>130,00</b>	<b>130,00</b>
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	<b>422,80</b>	<b>438,00</b>

\* 2004 жылдың аяғындағы теңгегенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

\*\* ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2005 жылғы ақпанның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері көбейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 0,3%-ға (немесе 27,1 млн. долл.) өсті. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету, Ұлттық қордың активтерін то-лықтыру ішкі валютарында валюта сатып алу және Ұлттық Банктегі Үкіметтің шоттарына шетел валютасының тұсуімен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 28,9 млн. долларға көбейді. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 0,2%-ға ұлғауы нәтижесінде 1,8 млн. долларға көбейді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 0,3%-ға, ЕАВ-мен таза активтер – 0,3%-ға, алтынмен активтер өзгерген жоқ.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 5 151,1 млн. долл.) қоса алғанда 14 470,0 млн. долл. болды. Откен айға өсімі 0,2 % болды.

**2005 жылғы ақпанның бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің көбеюі ақша базасының 10,9%-ға (немесе 53,1 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.**